

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 23 қаңтардағы N 2791

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы конституциялық заң күші бар N 2733 Z952733\_ Жарлығының күшіне енгізілуіне байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай актілерінің күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 10 маусымдағы N 1725 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 21, 207-құжат);

"Қазақстан Республикасы Президентінің республика мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 қыркүйектегі N 1862 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 38, 411-құжат).

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті